ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ

АЛҒЫС ХАТ

Темирбекова Дана Кошкарбаевна

Сізге білім саласының дамуына, өскелең ұрпақтың рухани және зияткерлік деңгейін арттыруға қосқан елеулі үлесіңіз үшін алғысымды білдіремін.

Алдағы уақытта да ел игілігі жолында аянбай еңбек ететініңізге сенімдімін. Барлық бастамаларыңызға сәттілік, зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін!

Басқарма басшысы Д.Болатханұлы

Тіркеу № 1792

Түркістан - 2022

Сканировано с CamScanner

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫ

АЛҒЫС ХАТ

Темирбекова Дана Кошкарбаевна

Сізге білім саласының дамуына, өскелең ұрпақтың рухани және зияткерлік деңгейін арттыруға қосқан елеулі үлесіңіз үшін алғысымды білдіремін.

Алдағы уақытта да ел игілігі жолында аянбай еңбек ететініңізге сенімдімін. Барлық бастамаларыңызға сәттілік, зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін!

Басқарма басшысы Д.Болатханұлы

Тіркеу № 1792

Түркістан - 2022

Сканировано с CamScanner

АЛҒ

Темирбекова Дана Кошк

Сізге білім саласының дамуына, өскел
зияткерлік деңгейін арттыруға қо
алғысымды бі
Алдағы уақытта да ел игілігі жол
сенімдімін. Барлық бастамалар
отбасыңызға

Басқарма басшысы

Сканировано с CamScanner

BILIMDI URPAQ
Ғылым мен білімді қолдау орталығы
Центр развития науки и образования

СЕРТИФИКАТ

Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық «Мектеп және педагог» журналына Тамыз кеңесінде оқыған баяндамасын жариялағаны үшін Түркістан облысы, Сауран ауданы, "ШЫҢ-БӨБЕК" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі

Темирбекова Дана Кошкарбаевна

БЕРІЛДІ

«Жаратылыстану-гуманитарлық және педагогикалық академиясы» ҚБ төрайымы, бас редакторы: Г. АБИЛЬДАЕВА

«BILIMDI URPAQ» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының редакторы: А. ӘБІЛХАС

2025 жыл

Тіркеу № 22422

Лицензия: KZ76VPY00116904

Сканировано с CamScanner

BILIMDI URPAQ
Ғылым мен білімді қолдау орталығы
Центр развития науки и образования

ДИПЛОМ

1 ДӘРЕЖЕЛІ

Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық «Мектеп және педагог» журналына Тамыз кеңесінде оқыған баяндамасын жариялап, тәжірибе бөліскені мен басылым сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін Түркістан облысы, Сауран ауданы, "ШЫҢ-БӨБЕК" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі

Темирбекова Дана Кошкарбаевна

МАРАПАТТАЛАДЫ

«Жаратылыстану-гуманитарлық және педагогикалық академиясы» ҚБ төрайымы, бас редакторы: Г. АБИЛЬДАЕВА

«BILIMDI URPAQ» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының редакторы: А. ӘБІЛХАС

2025 жыл

Тіркеу № 22422

Лицензия: KZ76VPY00116904

Сканировано с CamScanner

Мектеп және педагог

BILIMDI URPAQ
Ғылым мен білімді қолдау орталығы
Центр развития науки и образования

Республикалық педагогикалық әдістемелік журнал



12+
№11 (10)
Қазан, 2025 жыл

Бәймен Қырмызы Көлбайқызы,
Түркістан облысы, Сауран ауданы білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі.

Лицензия: KZ76VPY00116904

Сканировано с CamScanner

Ертегі терапиясы – баланың тілін дамыту мен құндылыққа баулудың құралы



Темирбекова Дана Кошкарбаевна,
"ШЫҢ-БӨБЕК" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі.
Түркістан облысы, Сауран ауданы.

Аннотация. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуы үшін тіл байлығын арттыру мен рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу ерекше маңызға ие. Бұл үдерісте ертегі терапиясы тәрбиенің ең тиімді құралдарының бірі ретінде кеңінен қолданылады. Ертегі – халық даналығының, ұлттық тәрбиенің қайнар көзі, балалар үшін ең жақын әрі түсінікті жанр. Ол арқылы бала сөздік қорын байытып, ойды анық жеткізуді үйренеді, қиялы мен шығармашылық қабілеттері дамиды. Сонымен бірге ертегідегі оқиғалар мен кейіпкерлер балаларға жақсылық пен жамандықты ажыратуды, әділдік пен қайырымдылықты бағалауды үйретеді.Сондықтан тәрбиешілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысында ертегі терапиясын жүйелі түрде қолдануы – заман талабы әрі педагогикалық шеберліктің көрсеткіші болып табылады.

Кілттік сөздер: ертегі, ертегі терапиясы, тіл дамыту, адамгершілік құндылықтар, қиял, мектепке дейінгі тәрбие.

Ертегі – бала әлеміне ең жақын жанр. Оның әсерлілігі, қиялға толы оқиғалары мен бейнелі кейіпкерлері баланы еріксіз баурайды. Сондықтан ертегі терапиясы баланың тілін, ойлауын, қиялын дамытумен қатар, оны құндылықтарға баулуда тиімді әдіс болып табылады. Ертегі арқылы балаға қоршаған ортадағы құбылыстарды түсіндіру, өмірлік мән-мағынаны жеткізу және белгілі бір жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдауға үйрету жүзеге асады.

Ертегі – тіл үйретудің, сөздік қорды байытудың ең оңай әрі қызықты жолы. Балалар ертегіні тыңдау барысында жаңа сөздермен, бейнелі сөз тіркестерімен, тұрақты тіркестермен танысады. Бұл олардың сөздік қорын молайтып қана қоймай, ойлау қабілетін де тереңдетеді. Ертегіні бірнеше рет қайталап айту баланың есте сақтау қабілетін жетілдіреді, сөйлемді дұрыс құруға дағдыландырады.

Сонымен бірге, ертегіні сахналау немесе кейіпкерлердің ролін сомдау арқылы бала өз ойын еркін жеткізуді үйренеді. Бұл сөйлеу мәдениетін дамытады, тілдің көркемдік құралдарын меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, «Алдар көсе» ертегісін сахналағанда балалар кейіпкердің сөз мәнерін қайталап, оның айлакерлігі мен тапқырлығын бейнелейді. Бұл сөйлеу машығын ғана емес, артистік қабілетті де дамытады.

Ертегі – тек қана ойын-сауық емес, тәрбиенің ең терең құралы. Ертегі оқиғасында жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік, адалдық пен қулық, қайырымдылық пен қатігездік арасындағы күрес бейнеленеді. Балалар осы әрекеттерді салыстыра отырып, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан аулақ болуды үйренеді.

Мысалы, «Ер Тоқтық» ертегісінде батырлық пен ерлік дәріптелсе, «Алтын сақа» ертегісінде адалдық пен табандылықтың маңызы көрсетіледі. «Жеті лақ пен қасқыр» сияқты ертегілер сақтық пен ақылдылыққа тәрбиелейді. Мұндай ертегілердің мәні – балаға өмірдің күрделі жағдайларында дұрыс таңдау жасауға жол көрсету.

Ертегілерді тыңдай отырып, бала ұлттық мәдениетпен де танысады. Қазақтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, халықтық дүниетанымы ертегілерде кеңінен көрініс тапқан. Бұл – баланың бойында ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастырудың да бір жолы.

Ертегі терапиясын тиімді пайдалану үшін тәрбиешінің шығармашылық қабілеті мен педагогикалық шеберлігі маңызды рөл атқарады. Тәрбиеші ертегіні тек жай оқып берумен шектелмей, оны мәнерлі дауыс ырғағымен жеткізуі, кейіпкерлердің мінез-құлқын сезіммен келтіре ойнауы қажет. Әсерлі дауыс, әуенділік пен шынайылық баланы ертегінің ішіне жетелеп, оқиғаны жүрекпен қабылдауға ықпал етеді.

Сонымен бірге тәрбиешінің ертегіні таңдай білуі де ерекше маңызға ие. Балалардың жас ерекшелігіне сай, тәрбиелік мәні жоғары, қызықты оқиғалары бар, тілдік жағынан түсінікті ертегілерді іріктеу – педагогтың басты міндеттерінің бірі. Дұрыс таңдалған ертегі ғана бала бойына оң әсер қалдырып, ойлауын, қиялын, тілін дамыта алады.

Ертегіні мәнерлеп оқып беру барысында тәрбиеші дауыс тембрін өзгертіп, кейіпкерлерді әртүрлі үнмен бейнелеп көрсетуге тырысса, балалар ертегі кейіпкерлерін анық ажыратып, олардың мінез-құлық ерекшеліктерін жақсы түсінеді. Бұл балалардың эмоциялық қабылдауын күшейтіп, олардың оқиғаға деген қызығушылығын арттырады.

Тәрбиеші сонымен қатар ертегіні рөлдерге бөліп оқыту әдісін қолдана алады. Балалар белгілі бір кейіпкердің рөлін сомдай отырып, ертегіні дауысқа салып айтады, бұл олардың сөйлеу мәдениетін дамытады, ұжымдық жұмысқа бейімдейді және өзіне сенімділігін нығайтады.

Ертегі терапиясының тағы бір тиімді әдісі – сахналық қойылымдар. Тәрбиеші балаларды рөлдерге бөліп, шағын сахналық көріністер ұйымдастырғанда олардың қиялы шарықтап, шығармашылық қабілеті ашылады. Мұндай әрекет балалардың өзіндік ойын еркін жеткізуіне, тіл байлығын қолдануына, эмоцияларын сыртқа шығаруға мүмкіндік береді. Сахналық қойылымдарды ұйымдастыру үшін тәрбиешіден үлкен шеберлік, шыдамдылық пен әдістемелік дайындық талап етіледі.

Тәрбиешінің ертегіні таңдауы, оны мәнерлеп оқып беруі, рөлдерге бөліп оқытуы, сахналық қойылымдарға үйлестіруі – барлығы да ертегі терапиясын тиімді ететін негізгі факторлар. Бұл – педагогтың кәсіби біліктілігі мен шығармашылық ізденіспен көрсететін маңызды іс-әрекет.

Қорытындылай келе, ертегі терапиясы – мектепке дейінгі білім беру үдерісінде бала тұлғасының жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді әдістердің бірі. Ол баланың тіл байлығын арттырып қана қоймай, қиял әлемін кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды. Сонымен қатар, ертегі арқылы бала ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, жақсы мен жаманды ажырата білуге, әділдік пен қайырымдылықты бағалауға үйренеді.

Ертегі – балаға жақын жанр, өйткені оның бейнелі тілі, кейіпкерлердің қарапайым әрі түсінікті әрекеттері баланың ойлауына, сезіміне, қиялына оң әсер етеді. Сол себепті ертегі терапиясын жүйелі түрде қолдану – тәрбиешінің кәсіби шеберлігін арттырып қана қоймай, әрбір баланың ішкі әлемін байытуға, тұлғалық дамуына зор үлес қосады.

Осылайша, ертегі тек қызықты оқиға емес, ол – баланың жүрегіне жол тауып, өмірлік сабақ беретін, болашақта тәуелсіз адам болып қалыптасуына ықпал ететін асыл қазына.

Сканировано с CamScanner